

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Боробудур



Адамның бәрі бірдей еместігі секілді, елдің де бәрі бірдей емес. Олардың да бірегейлері бар. Индонезия – сондай ел. Бірегейлігі емей немене, егер Оңтүстік-Шығыс Азия мен Австралияның аралығындағы бұл ел ұзын саны 17 508 аралды жайлап жатса, бірегейлігі емей немене, егер құрғақтағы аумағы 1,9 миллион шаршы шақырымды құрайтын, дүниеде жер көлемі жөнінен он төртінші орын алатын сол елде қазір 245 миллион адам (кешегі Кеңес Одағының бүкіл халқы 250 миллион болғанын еске түсіріңіз) өмір сүріп, әлемде халқының саны жөнінен төртінші орында

тұрса, бірегейлігі емей немене, егер жер түбінде дерліктей, араб әлемінен де, түркі дүниесінен де соншама шалғайдағы сол елдегі халықтың 88 пайызы ислам дінін ұстанса. Осы жайлардың өзі Индонезияның бірегей бітіміне даусыз дәлел бола алады.

Айтқандай, «Егемен Қазақстанның» оқырмандары үшін біздің қасиетті дініміздің Индонезияға қалай тарағанын білу әбден-ақ қызғылықты деп ойлаймыз. Индонезия Республикасының Қазақстандағы Елшілігінің шақыруы бойынша сол жаққа жолымыз түсетінін естігеннен кейін-ақ ел жайында іздестіре бастаған деректеріміздің бірі осыған қатысты еді. «История арабских завоеваний» деген кітапты қарап отырсаңыз арабтардың қайқы қылышы жеткен жерлер арасынан Индонезияны таба алмайсыз, арабтар ол аралдарды жаулауға бармаған да. Сонда қалай болғаны? Былай болған екен. Интернеттегі «islam.az» сайтынан «Интересная история распространения Ислама в Индонезии» деген мақала біздің дініміз ол аралдардағы адамдар жүрегіне игілікті идеяларымен жеткенін көрсетеді. Индонезияға алғашқы мұсылмандар Исламды тарату үшін емес, сауда жасау үшін барған. Бір мұсылман мата сатып жүріпті. Ол кезде елдің жұрты пұттарға табынатын. Жаңағы саудагер шаруасымен бір жаққа шығып кеткенде оның көмекшісі қателесіп, кездеме матаны қымбаттау бағамен сатып жібереді. Қожайын дүкенге келе салысымен көмекшісінің жаңылыс кеткенін естіп, қатты қапаланады. «Бұл неткенің? Мынау халал іс болмады. Біз тұтынушыны алдадық, енді одан кешірім сұрауымыз керек», дейді ол. Содан жаңағы саудагер әрі іздеп, бері іздеп ақыры әлгі кісіні табады. Үйіне барып, жалынып-жалпайып қате қадамына кешірім сұрап, артық алған ақшасын қайтарып береді. Тұтынушы аңтаң қалады. «Біз мұндайды бұрын-соңды естіп-білген емеспіз. Мына болмашы айырманы қайтару үшін сен мені осынша уақыт іздеп, әуреге түстің. Не үшін осылай еттің?». Сонда саудагер: «Исламда ақша тек адал жолмен табылуы керек. Басқаның көк тиынын иемденсең де күнәһарсың. Егер біреу біреуді өкпелетсе ол одан кешірім сұрап, батасын алуға тиіс. Әйтпесе ол Алланың қаһарына ұшырайды», дейді. Одан әрі есі шыға танданып әлгі адам кете барады. Жаңағы естігенін көршілері мен туысқандарына айтады. Саудагердің сөзі ауыздан-ауызға тарап, елдің әміршісіне де жетеді. Әмірші саудагерді шақырып алып, бар мән-жайды оның өз аузынан естиді. «Сен өзіңнің дінін адамды дәл осылай етуге міндеттейді дейсің. Маған ислам туралы айтшы. Мұсылман болу үшін не істеу керек?», дейді әмірші. Саудагердің дін жайындағы әңгімелерін тыңдаған сайын әмірші елти түсіп, ақыр аяғында мұсылман дініне көшуге бекінеді. Оны көріп сарай маңындағылар, оларды көріп жер-жердегі әкімқаралар, оларды көріп солардың қарамағындағылар Исламды ұстана бастайды. Сөйтіп аз уақыттың аясында қалың әскер барып қайтпай-ақ, ешкім уағыз айтпай-ақ Индонезия мұсылман дініне көшіп шыға келеді.

Осы бірегей елдің бірқатар ерекшеліктері газет журналисі Самат Мұсаның өткен жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Индонезия Республикасына мемлекеттік сапарынан жазған «Шалғай елмен де жақындасуға болады» деген көлемді мақаласында (2012, 14 сәуір) жан-жақты ашылған. Қазақстан мен Индонезия арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастардың жай-күйі дәл осы күндерде Индонезия Президенті Сусило Бамбанг Юдойононың Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарының барысын көрсететін газет есептерінде толығырақ түсуде.

Не айтары бар, Индонезия – қай жағынан қарағанда да ауыз ашқызып, көз жұмғызатын ел. Астанадан Абу-Дабиге, одан Дохаға (Катар), одан Ява аралындағы Джакартаға, одан сол аралдағы Джокьякартаға, одан Бали аралындағы Денпасарға ұшып, шаршап-шалдықсақ та, қайтарда сол жолдың бәрін тағы өтіп, ұшақ салоны мен әуежайлардың өзіне түп-тұтас екі тәуліктей уақыт кетсе де сол сегіз күндік сапарымызды журналистік жолымыздағы үлкен олжамыздың бірі деп білеміз. Бүгін

біз «Әлемге әйгілі» атты авторлық айдардың аясында Индонезиядағы ең атақты ғимарат, ел мәдениетінің мақтанышына айналған ғажайып кешен, жаңа дүниенің 7 кереметі қатарына қосылуға үміткер нысандардың бірі – Боробудур храмы туралы әңгімелемекпіз.

31 тамыздан бастап Интернет сайттары соңғы кездегі ең бір үлкен ғылыми жаңалықты жамырай жазып жатыр, жазып жатыр. Тақырыптары: «Биологи открыли ходячую акулу», «Ходячая акула» попала в кадр», «В Тихом океане обнаружена «ходячая» акула», «Ходячую» акулу открыли в Индонезии» деп сәл-пәл өзгертіліп, шығып жатыр, шығып жатыр. Иә, жақында ғана Индонезия жағалауларынан аяғы бар акула табылды. Ол суда қанаттарымен жүзіп, жағалауға шыққанда аяқтарымен аяндап кете барады. Акула аяқтарын су ішінде жемтігіне байқатпай бару керек болған кезде де пайдалана алады. Ғылымға белгісіз бұл жаңа түр *hemiscyllium halmahera* деген ат алып отыр. Жергілікті халық әлгі аяқты акула туралы баяғыдан біледі екен, әйтсе де сол өңірде дайвинг дамыған кейінгі кезде ғана оны бейнекамераға түсіруге мүмкіндік туған. Бұл жаңалық ғалымдарға теңізде өмір сүрген жануарлардың құрлыққа қалай шыққанын анықтауға көмектесуге тиіс деп айтылып жатыр.

Ал Индонезияның атын ғылым әлеміне алдымен әйгілеген не? Ол – Боробудур. Жер бетіндегі ең үлкен буддалық храм. Оңтүстік жарты шардың ең ауқымды ғимараты. Индонезияның ұлттық мақтанышы. Біраз жылдан бері ел-елдің ғалымдары, журналистері жаңа дәуірдің 7 кереметін анықтау үшін ауық-ауық интернетсауалдама жүргізіп қояды. Египеттегі Хеопс пирамидасы бастаған баршаға белгілі 7 кереметтен кейін де адамзат небір ғажайыптарды жасаған жоқ па? Олар да лайықты ардақталуға тиісті емес пе? Жаңа дәуірдің 7 кереметі тізіміне үміткерлер болып Ұлы Қытай қорғаны, Колизей, Мачу-Пикчу, Петра қаласы, Тәж-Махал, Рио-де-Жанейродағы Христос статуясы, Мексикадағы Чичен-Ица пирамидасы сияқты атақты нысандар жазылып жатыр. Солардың арасында аты аталатындардың бірі – Боробудур. Яваға барып, оны бас-аяғы төрт сағат бойы емін-еркін аралап шыққаннан кейін біз өз басымыз Боробудур сол тізімге үміткерлер қатарына еруге шын лайықты екеніне көзімізді жеткізіп, көңілімізді сендіріп қайттық.

Боробудур Ява аралында, Джокьякарта қаласының солтүстік-батыс бетінде 42 шақырым жерде орналасқан. Ол 750-850 жылдар аралығында, Явада Сайлендр (Шайлендр) әулеті билік құрған тұста тұрғызылған деп саналады. Бұрын Индонезия аралдарының көбінде жұрт рухтарға табынатын, ал өркениетке бейімірек Ява мен Суматрада индуизмді ұстанатын. Жаңа дәуірдің алғашқы ғасырларында Үндістаннан индуизм тарала бастаған. Жалпы, Индонезияның тарихында да, өмірінде де, өнерінде де Үндістанның әсер-ықпалы бөлекше. «Индонезия» атауының өзі «Индия» топонимі мен гректің «несос» – арал деген сөзінің қосылуынан шыққан. Сөзбе сөз алғанда «Аралдық Индия» болып шығады. Боробудур атауының мәні екі түрлі түсіндіріледі. Көбірек айтылатыны – «Қыруар Будда». Тағы бір нұсқасында санскрит тіліндегі «вихара Будда Ур» сөзінен шығарып, «Таудағы Будда храмы» деп те айтылады.

«Яваның тарихынан белгілі жай қазірдің өзінде онша мандымды емес, ал ХІХ ғасырдың басында еуропалықтар сонау алыстағы тропикалық аралда бірегей сәулет ғимараттарын қалдырған көне өркениет болғанынан тіпті хабарсыз еді», деп жазады Г.Сиднева «НЛО» журналында (2003, №38). Сегізінші-тоғызыншы ғасырларда Ява аралының діни орталығына айналған Боробудур күндердің бір күнінде көзден ғайып болған. 1006 жылы сол маңайдағы Мерапи жанартауы атқылап, храмды күлге көміп тастайды. Содан жақын жердегі ел үдере көшіп кетеді. Кейбір тарихшылардың халық ол маңайдан жанартау атқылағанға дейін көшкен деп жазатыны да бар. Бұл да бір жұмбақ. Қалай болғанда да, табандатқан сегіз ғасыр бойы жұртта қалған Боробудур көзден кетіп, көңілден өшеді. Оның үстіне дәл сол тұста Ява аралының халқы жаппай исламға көшіп жатқан болатын, ал исламның адамды таста да, қағазда да бейнелеуді құптамайтыны белгілі. Өртеңнің орнына өсімдік қаулай өсіп, храмның үсті жыңғыл тоғайға айналып

кетеді. Халық арасында тастан қолдан тұрғызылған тау туралы аңыз ғана сақталып қалады.

Аңыз етсе ететіндей-ақ. Индонезияның табиғаты қай жерінде де тамаша. Әсіресе Яваның әсем пейзаждарынан көз ала алмайсыз. Оның үстіне Боробудур храмы Кеду деген құнарлы аймақтың қақ төрінде, төрт жанартаудың ортасында тұрғызылған. Сексен жыл бойы ондаған мың адам әр тасты қолмен тасып жүріп, көп сатылы пирамиданы өріп шыққан. Көп сатылы дегенде храм анау айтқандай биік те емес. Жерден тіке өлшесе қырық екі метр ғана. Бірақ, кешеннің ауқымы керемет. Храмды тұрғызуға 55 мың текше метр тас жұмсалған. Оның өзіндік бет-бейнесі әр жағына 120 метрлік дәлме-дәл шаршы болып тартылған геометриялық классикалық үлгісінен танылады. Бүкіл ғимараттың аумағы шамамен 55 мың шаршы метр. Боробудур... 2 миллион тас бүленнен (блок) өрілген! Не деген еңбек!

«Боробудур ештеңеге ұқсамайды. Бәлкім, сатылы пирамидаға ұқсатуға болар. Алайда, ондай үстірт теңеумен Боробудурдың нағыз тұлғасын елестету мүмкін емес. Оның бітімінде үнділік сәулеттің кейбір белгілері бар. Сондай-ақ, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ең бір көне мемлекеттің бірі – Фунандағы ғибадатханалардың бөліктерін ұқсатуға болар. Бірақ, қалай десек те, Боробудур Индонезияның Ява аралында жаратылған әлем ғажайыбының нағыз өзі. Мұндай кереметтің басқа жерде тууы мүмкін емес. Боробудурдың Ява төңірегіндегі табиғатпен, көгілдір таулармен, күріш алаңдарымен біте қайнаскандығы соншалық, дүние жаралғаннан бері осылай тұрған сияқты», деп жазады Игорь Можейко Жомарт Әбдіхалық пен Ақселеу Сейдімбек аударған «Әлемнің 7 және 37 кереметі» кітабында. «Боробудур буддизмнің Явада үстемдік құрып тұрған кезіндегі тұғыры, мінәжат орны болған. Мұндай мінәжат тұғырының бітімі мейлінше күрделі болып келеді. Ал, бас тау тегі қорғанды бейіттермен байланысып жатыр. Оның ішіне кіруге болмайды. Сондықтан ғибадатхана деудің қисыны жоқ. Бір қызығы, мұндай құрылыстар жер бетінің әр өңірінде бір мезгілде пайда бола бастаған. Біздің жыл санауымыздан талай ғасыр бұрын салынған алып ғимараттарды Мысырдан, Индиядан, біздің заманымыздың жапсарындағы Шри-Ланкадан, Латын Америкасынан, Таяу Шығыстан (Вавилон зиккураты) көруге болады. Боробудур да Хеопс пирамидасы сияқты әр қабырғасы жүз жиырма метр болып, шаршылана біткен. Алайда, Боробудурдың басына шығу үшін бірнеше шақырым жол жүріп, шыдам-төзім көрсетуге тура келеді. Оның басына шығаратын жол әрбір кемерді айнала көтеріліп отырады. Соған қарамастан, Боробудурдың табан іргесінен ұшар басына дейінгі биіктігі қырық-ақ метр». Солай. Храмның ұшар басына шыққанша сіз шамамен бес шақырымдай жол жүресіз. Жаңағы шиыршық серіппе жол үнемі оңнан солға қарай бұрылады да отырады. Боробудурға бара қалсаңыз еш уақытта солдан оңға қарай жүре көрмеңіз – ол жамандыққа қарай жол бастау деген сөз. Жоғары кемердегі табандарда тұрған әр Буддаға қол тигізіп шыққан адамның ойлаған тілегі орындалады деп саналады. Өзіміз солай деп сенеміз енді. Өйткені, біз Боробудурға барған күні, 26 тамызда немерелі болғанымызды, дүниеге ұл бала келгенін естідік.

Боробудурға қызық іздеп қана бару көңілдегідей нәтиже беруі қиын. Оны буддизмнің таспен өрілген энциклопедиясы деп тегін айтпайды. Тәу етушілер храмның табанынан көтеріліп, төбесіне жеткенше сондағы тасқа қашалған 504 Будда мүсіні мен 1460 бедербейне (барельеф) арқылы әлемдік үш ұлы діннің бірінің негізін қалаған Гаутама Сиддхартһа (Будданың шын есімі) өмірінің бүкіл шежіресін көзбен көріп, ілімін көңілмен оқып шығады. Боробудур бедербейнелері – өз алдына жатқан бір әлем. Оларды үш-төрт сағаттың ішінде түгел көріп шығу да мүмкін емес, буддизмнің ең қарапайым қағидаттарынан хабардар болмасаңыз толық түсініп-түйсіну де мүмкін емес. Бірінші сатының бедерлері Будданың тіршілікте бастан кешкендерін бейнелейді. «Рамайна» мен «Махабхаратаның» безендірулері болып табылатын жүздеген бедерлер бар. Индонезияның сол замандардағы өмір қалпын көрсететін тас суреттердің өрнегіне қайран қаласыз. Боробудурдағы тас кесектерінің бәрі де шағын-шағын болып келеді. Сонда әр

бедердегі бейненің 3-4 тасқа бөлініп кететін кездері көп. Мысалы, пілдің жоғары көтерілген тұмсығы бір таста, дене тұрқы көлденең өрілген екі немесе үш таста, аяқтары төменде қалған басқа тастарда деген сияқты. Солардың бәрі ешқандай ерітіндісіз байланыстырылып, пышақ ұшы кірмейтіндей етіп тығыз жымдастырылған. «Әуел баста бұл бедерлер жарқын бояулармен боялған болатын. Әйтсе де, қазірдің өзінде, 12 ғасыр өткеннен кейін де Боробудур өзінің үшкір мұнараларымен, тас мүсіндерімен, Будда статуяларымен ежелгі өнердің аса көрнекті шығармасы. Боробудур бедерлері мүсіндік техникасының мінсіздігімен, композициясының келісімімен, бейнелерінің сұлулығымен таңғалдырады. Бедерлердің көптеген детальдары сол заманның өзіндік бір құжаттары іспетті тарихи тұрғыдан да өте қызықты», деп жазады А.Низовский «Величайшие храмы мира» кітабында.

Боробудур – беті ашық байтақ кітап. Мындаған тас бедербейнелердегі (олардың жалпы көлемі – алты мың шаршы метр!) суреттердің сюжеті дін атаулының адам жанын жақсылыққа қалай жетелейтінін көзбен көрсетіп, санаға сіңіреді. Бір суретке елтімессіз, екі суретке елікпессіз, он суретке де селт етпессіз, бірақ суреттер жүз-жүздеп өріле бергеннен кейін селк етпесеңіз де селт етпей қала алмайтыныңыз анық. Тас тілімен сөйлеген тылсым өнер тағылым бермей қоймайды. Храмның он сатысы Будданың өмірге келгенінен тәңірідей тұлғаға айналған кезіне дейінгі он кезеңін бейнелейді. Жалпы храмда Будданың 500 мүсіні бар. Өмірдің қасіретін нәпсінің тілегінен туындатады Будда. Қанағатсыз нәпсі бейнет туғызатынын айтады бұл ілім. Өмірді азапқа айналдырмаудың жалғыз жолы нәпсіні ауыздықтау дейді мына тас суреттер. Нәпсінің тілегінен құтылудың Будда айтатын төрт сатысы (жүректің оянуы; ниетті түзеу; мінезді түзеу; рақымшылыққа жету) таста өріліп тұр.

Боробудурдың Мерапи жанартауының атқылауынан кейін күлге көмілген күйі ғасырлар бойы жаһаннан жасырылып қала бергенін сөз басында айттық. Оның ашылуы да қызықты хикая. Наполеонмен соғыс кезінде ағылшын әскерлерінің бір офицері ну тоғайдың арасынан қылтия көрініп тұрған тас бедерлерге көз тоқтатып қалады. Ағаштардың бұтақтарын ашып-ашып жіберіп, қараса бір ғаламат – қолдан тұрғызылған тау. Сол жылы Ява губернаторы британиялық сэр Стэмфорд Раффлз храмды өз көзімен көреді де, мұның қандайлық құнды мәдениет ескерткіші екенін бірден бағалайды. Әйтсе де Раффлз Боробудурды қалпына келтіруді жүзеге асыра алған жоқ, ол кезде мұндай шаруаны атқару мүмкін де емес еді. 1907-1911 жылдары голландиялық жас инженер Теодор ван Эрптің басшылығымен храмды қалпына келтіру ісі басталса да, жеріне жеткізілмеді. Боробудурдың бағын ашқан, тіпті оны сақтап қалып, дүниеге қайта оралтқан жай – жиырмасыншы ғасырда жаңғырту жұмысының жаңа мүмкіндіктерінің ашылуы. Мәселе қолдан үйілген қорғанның табаны мың-мындаған тонналық тастар салмағынан сыр бере бастағанында, бұлай тұра берсе кешенге көшкін қаупі бір кезде төнбей қоймайтынында еді. Индонезия үкіметі өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында Боробудурды адамзат игілігі ретінде сақтап қалу қажеттігі жөнінде әлемдік қоғамдастыққа жар салып, дабыл қақты. 1973- 1983 жылдар аралығында атқарылған сол шаруа – реставрация өнерінің ұлы үлгісі.

Сенсеңіз де сол, сенбесеңіз де сол – қазір турист біткен ағылып, барған жанның бәрі қайран қалатын осы ғимарат, яғни Боробудур он жылдың ішінде түгелдей қайта құрастырылған... Жаңғырту жұмысы жүргізілген тұста храмнан 25 мың текше метр тас алынып, сол 25 мың текше метр тас қайтадан қойылып шыққан, ғимараттың алып табаны бетонмен шегенделген, 5 мың тас фрагменттер қосымша қашалған, 800 мыңнан астам тас тақталар құрастырылған. Әрқайсысының өрнектік параметрлері компьютердің жадына салынып, соның көмегімен орындарына қойылыпты. Осы жұмыстың өзі бір ғажап емес пе? Біз Боробудур жанындағы стендіден қолымыздағы фотоаппаратқа түсіріп алған мына суретте сол бірегей жұмыстың бір сәті бейнеленген.

Боробудур буддизмнің «Махаяна» деген бағыты тұжырымдамасының нақты бейнеленуі болып табылады. Бұл өзі ғасырлар бойы әртүрлі секталардың әсерін көп

сезінген бағыт. Оның бойына алуан-алуан космогониялық, философиялық және діни дүниетанымдардың, солардың сан қилы нұсқаларының бәрі жинақталған. Егер храмға біраз қашықтап барып қарасаңыз оның үш белдеуге бөлінгенін көресіз. Ол үш белдеу – үш әлем: ең биікте нәзік материяның, яғни рухтың әлемі, оның астында қатты материяның, яғни пішіннің (форманың) әлемі, ең астында күнбе-күнгі тіршіліктің әлемі, бұл кәдімгі буырқанып жатқан теңіздей беймаза, біздің нәпсіміз бен тілегіміздің қайшыласқан әлемі. Боробудурдың террасаларын айналып жүріп-жүріп, ең биіктегі белдеуге көтерілгенде мына қым-қуыт тірліктегі алдамшы, өткінші дүниенің бәрінен тазарғандай керемет бір күй кешесіз. Боробудур биігінде сіз Индонезия туралы да, өнер туралы да, дін туралы да ойланып жатпайсыз. Боробудур биігінде сіз өмір туралы, өміріңіз туралы, өзіңіздің мына дүниеде не бітіріп, не қойғаныңыз туралы, адамдардың алдындағы қарызыңыз бен парызыңыз туралы ойланасыз. Боробудур биігінде кім-кім де адам ұлылығы туралы, адамның қолынан келмейтін құдірет болмайтыны туралы, өзінің де адамзат нәсілінің бірі екені, жарық дүниеге келген жалғыз сапарында жақсылық жасап қалуға жанталасуға тиісті екені туралы ойланбай тұра алмайтын шығар. Өнердің өмірге айналуы деген сол. Боробудурдың құдіреті де осында.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ